

## Астықтың сандық-сапалық есебін жүргізу ережесін бекіту туралы

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің 2005 жылғы 11 наурыздағы N 195 Бұрығы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2005 жылғы 1 сәуірде тіркелді. Тіркеу N 3545. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2012 жылғы 17 қаңтардағы № 10-1/18 бұйрығымен

Ескерту. Бұйрықтың күші жойылды - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 2012.01.17 № 10-1/18 (қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Ескерту. Барлық мәтін бойынша "сертификатта", "сертификаттағы", "сертификаттары", "сертификаттарымен", "сертификатты", "сертификаты", "сертификатымен", "сертификатын", "сертификатына", "сертификатының" деген сөздер тиісінше "паспортта", "паспорттағы", "паспорттары", "паспорттарымен", "паспортты", "паспорты", "паспортымен", "паспортын", "паспортына", "паспортының" деген сөздермен ауыстырылды - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 2007.05.28. N 355 (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-тармақтан қараңыз) бұйрығымен.

"Астық туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 6-бабының 11) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қоса беріліп отырған Астықтың сандық-сапалық есебін жүргізу ережесі бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің "Астықтың сандық-сапалық есебін жүргізу ережесін бекіту туралы" 2002 жылғы 3 сәуірдегі N 104 (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 1827 тіркелген) бұйрығының күші жойылды деп танылсын.

3. Екіншілік департаменті (А.Қ.Евниев) заңнамада белгіленген тәртіппен осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін қамтамасыз етсін.

4. Осы бұйрық 2005 жылғы 1 маусымнан бастап қолданысқа енгізіледі.

*Министр*

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2005 жылғы 11 наурыздағы N 195 бұйрығымен бекітілген

## **Астықтың сандық-сапалық есебін жүргізу ережесі**

Астықтың сандық-сапалық есебін жүргізудің осы ережесі (бұдан әрі - Ереже) "Астық туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес әзірленген және Қазақстан Республикасында астықты қабылдау, өлшеу, тазарту, кептіру, сақтау және тиеп жөнелту бойынша операцияларды ресімдеу және есептеу тәртібін, сонымен қатар астық иесі мен астық қабылдау кәсіпорындары арасындағы қатынастарды реттейді.

### **1. Жалпы ережелер**

1. Осы Ережеде мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) тазарту актісі - астық есебін жүргізу мақсатында астықты қабылдау кәсіпорындарымен жасалатын құжат;

2) есеп-акт - астық иесіне жіберуге жататын астық және (немесе) астық қалдықтарының көлемін анықтау үшін астық қабылдау кәсіпорнымен жасалатын құжат;

3) астық иесі - астық қабылдау кәсіпорындарына астығын сақтауға берген заңды немесе жеке тұлға;

4) есептелген нақты салмағы - ылғалдылығын, дәнді және арамшөпті қоспаларын астықтың сақталуын қамтамасыз ететін және астық иесі мен астық қабылдау кәсіпорны арасындағы шартта анықталған нормаларға сәйкестендірілген астықтың нақты салмағы;

5) мемлекеттік астық инспекторы - өзінің өкілеттілігін белгіленген заңнама тәртібінде жүзеге асыратын Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің аумақтық басқармасының инспекторы;

6) түгендеу - нақты астықтың барлығы және оның сапасы есеп мәліметіне сәйкес екендігін тексеруге бағытталған жалпы шаралар;

7) астықтың сандық-сапалық есебі - астық қабылдау кәсіпорнында астықты қабылдау, тазарту, кептіру, сақтау, орналастыру және тиеп жөнелту процесі кезіндегі барлық операцияларды есептеу және тіркеу жүйесі;

8) бет есебі - астық қабылдау кәсіпорнымен әрбір астық иесі, сыныбы және сорты бойынша бөлек жүргізілетін астықтың сандық-сапалық есебін құрайтын кітаптар;

9) материалды жауапты тұлға - сақтауға алынған астықтың сандық-сапалық сақталуына жауапты астық қабылдау кәсіпорнының лауазымды тұлғасы;

10) астық партиясы - астықтың сапасы туралы мәліметтері бар құжаттармен

ресімделген, бір жылғы егіннің, сапасы бойынша бірдей астық көлемі;

11) нақты салмағы - таразыда өлшеу жолымен анықталған астықтың нақты салмағы.

2. Астықтың барлық операциялары, сандық-сапалық есебі және сәйкес құжаттарды ресімдеу 1 килограммға дейінгі дәлдікпен нақты салмақта жүргізіледі. Астық қолхаттарын ресімдеу кезінде есептелген нақты салмағы қолданылады.

## **2. Астықтың түсімін ресімдеу**

3. Астық қабылдау кәсіпорнына түскен астық, орнатылған тәртіпте тексеруден өткен таразыларда өлшенгеннен кейінгі саны бойынша материалды жауапты тұлғамен жүргізіледі.

4. Автокөлікпен әкелінген астық тауар-көлік жүкқұжаттарымен жіберіледі. Тауар-көлік жүкқұжаттары әрбір автокөлік партияларына (бөлек автокөлік немесе тіркемелі автокөлік (трактор), автопоезд) жазылады. Әрбір автокөлікке үш (төрт) дана тауар-көлік жүкқұжаттары беріледі.

Басқа астық қабылдау кәсіпорындарынан автокөлікпен әкелінген астық партиясы тауар-көлік жүкқұжатымен және сапасы туралы құжатпен ( заңнамада белгіленген тәртіппен берілген астық сапасының паспортымен немесе осы Ережеге 1-қосымшаға сәйкес астық талдау карточкасымен) жіберіледі.

5. Өндірісті-технологиялық зертхана (бұдан әрі - ӨТЗ) маманымен, қолданыстағы стандарттарға сәйкес астық сапасын анықтау үшін астықтың әрбір келіп түскен автокөлік партияларынан сынамаға астық іріктеп алынады. Іріктеп алу кезінде маман автомобильдің мемлекеттік тіркеу нөмірлік белгісі мен дақыл түрінің тауар-көлік жүкқұжаттары мәліметтеріне сәйкестілігін тексереді. Іріктеп алынған астық негізінде, астықты орналастыру үшін қажет астықтың сапасына алдын-ала талдау жүргізіледі. Жүкқұжаттың бірінші данасында алдын-ала жүргізілген талдау нәтижелері бойынша астықты түсіру нүктесі көрсетіледі.

6. Таразыда жүргізуші барлық тауар-көлік жүкқұжаттарды таразышыға береді , ол онда өлшеудің нәтижелерін енгізеді. Жүкқұжаттағы мәліметтер әрбір тақ және жұп күндер бойынша бөлек жүргізілетін осы Ережеге 2-қосымшаға сәйкес автокөліктер таразысында жүктерді өлшеуді тіркеу журналына енгізіледі. Тауар-көлік жүкқұжатта міндетті түрде орын саны көрсетілуі тиіс. Жүргізушіге жүкқұжаттардың бірінші данасынан басқасының бәрі қайтарылады.

7. Астықтың темір жол көліктерімен келіп түсуі кезінде вагонның бүтіндігін, герметикасын және пломбаның барлығын тексереді.

Темір жол көлігімен келіп түскен астық темір жол жүкқұжатымен және сапасы туралы құжатпен (астық сапасының паспортымен немесе осы Ережеге 1-

қосымшаға сәйкес астық талдау карточкасымен), ал егер тасымалдау кезінде жүкке тексеру жүргізілген жағдайда, онда вагонның ашылғандығы туралы акті қоса беріледі. Темір жол жүкқұжаты және сапасы туралы құжаты әрбір вагонына жазылады. Вагондарды өлшеудің нәтижелері осы Ережеге 3-қосымшаға сәйкес вагон таразыларында жүктерді өлшеуді тіркеу журналына енгізіледі.

8. Келіп түскен астықтың сапасын анықтау астықты сақтау шартында көрсетілген стандарттарға сәйкес ӨТЗ мамандарымен жүргізіледі. Сынаманы талдаудың нәтижелері астықты талдау карточкасымен рәсімделеді және осы Ережеге 4-қосымшаға сәйкес зертханалық талдаулардың нәтижелерін тіркеу журналында тіркейді.

9. Тәуліктің соңында таразышы барлық тауар-көлік жүкқұжаттарды бухгалтерияға тапсырады. Әрбір астық иесі және астықты түсіру нүктесі бойынша топталған тауар-көлік жүкқұжаттар негізінде автокөлікпен қабылданған астыққа, осы Ережеге 5-қосымшаға сәйкес олардың орташа тәуліктік сынамасы бойынша сапасы анықталып жүкқұжаттар тізілімі екі д а н а д а н ж а с а л ы н а д ы .

Астықтың темір жол көліктерімен келіп түсуі кезінде осы Ережеге 6-қосымшаға сәйкес темір жол көліктерімен келіп түскен астыққа темір жол жүкқұжаттарының негізінде жүкқұжаттар тізілімі жасалады.

10. Орташа тәуліктік сынамасы бойынша сапасы анықталған автокөлікпен келіп түскен астықтың жүкқұжат тізілімі және темір жол көлігімен келіп түскен астық жүкқұжаттарының тізілімі ӨТЗ маманына беріледі, ол зертханалық талдаулардың нәтижесі тізілімнің ІІ бөліміне енгізеді. Енгізілген мәліметтер ӨТЗ меңгерушісінің қойылған қолымен расталуы тиіс.

Сонан соң жүкқұжаттар тізілімі бухгалтерге қайтарылады, ол жүкқұжат тізілімі және жүктерді өлшеуді тіркеу журналындағы нақты салмақ мәліметтерінің сәйкестілігін, зертханалық талдаулар нәтижелерін енгізудің дұрыстығын салыстырып қарайды және тізілімнің ІІІ бөлімінде есептелген нақты салмағының есебін, ІҮ бөлімінде астықты қабылдау, кептіру және тазарту бойынша қызмет құнын есептеуді жүргізеді. Бұдан әрі тізілім тауар-көлік жүкқұжаттарымен бірге оның дұрыс толтырылуын тексеру үшін және кептіру бойынша кемулер мен астық қалдықтарын тізілімнің ІІІ бөлімінде көрсетілген ылғалдылық, арамшөпті және дән қоспалары бойынша нақты шегерімдерге сәйкес алдын-ала есептен шығару үшін материалды жауапты тұлғаға беріледі.

11. Тексеру біткеннен соң материалды жауапты тұлға жүкқұжаттар тізіліміне қол қояды және осы Ережеге 7-қосымшаға сәйкес астық сақтау қоймасындағы астық пен ыдыстың қозғалысы туралы есеп жүргізеді. Бұдан әрі тізілім және есеп беру бухгалтерге қайтарылады, өз кезегінде бухгалтер келесі тәулікте тізілімнің екінші данасын астық иесіне береді.

12. Астық сақтау қоймасындағы астық пен ыдыстың қозғалысы туралы есеп егін жылы бойынша, дақыл бойынша әр дақыл бойынша жиынтығын есептеумен және сынып бойынша жүргізіледі. Есеп беру материалды жауапты тұлғаға жүктелген қойма бойынша, қойма топтары және элеватор бойынша жүргізіледі.

### 3. Есептелген нақты салмақты есептеу

13. Есептелген нақты салмақ ылғалдылықтың, дәнді және арамшөпті қоспалардың келісілген нормаларын есепке ала отырып, нақты салмақтағы ылғалдылық, дәнді және арамшөпті қоспалар бойынша нақтылы шегерім пайызын анықтау жолымен келесідей тәртіпте анықталады:

1) ылғалдылық бойынша нақты шегерім пайызы мына формула бойынша есептелінеді:

$$U_{в} = \frac{100 \times (a - б)}{100 - б},$$

мұндағы  $U_{в}$  - ылғалдылық бойынша нақты шегерім пайызы;  
 $a$  - кіріс бойынша астық ылғалдылығы, %;  
 $б$  - сақтау шарты бойынша астық ылғалдылығы, %;

2) арамшөпті қоспалар бойынша нақты шегерім пайызы мына формула бойынша анықталады:

$$U_{с} = \frac{(в - г) \times (100 - U_{в})}{100 - г},$$

мұндағы  $U_{с}$  - арамшөпті қоспасы бойынша нақты шегерім пайызы;  
 $в$  - кіріс бойынша арамшөпті қоспасының болуы, %;  
 $г$  - сақтау шарты бойынша арамшөпті қоспасының болуы, %;

$U_{в}$  - ылғалдылық бойынша нақты шегерім пайызы;

3) дәнді қоспалар бойынша нақты шегерім пайызы мына формула бойынша анықталады:

$$U_{з} = \frac{(д - е) \times (100 - U_{в})}{100 - е},$$

мұндағы  $U_{з}$  - дәнді қоспа бойынша нақты шегерім пайызы;  
 $в$  - кіріс бойынша дәнді қоспаның болуы, %;  
 $г$  - сақтау шарты бойынша дәнді қоспаның болуы, %;  
 $U_{в}$  - ылғалдылық бойынша нақты шегерім пайызы;

4) ылғалдылық бойынша, арамшөпті және дәнді қоспа бойынша (

килограммда) нақты шегерімнің жалпы салмағы мына формула бойынша есептелінеді:

$$Y = \frac{\Pi \times (Y_B + Y_C + Y_3)}{100}$$

мұндағы  $\Pi$  - келіп түскен астықтың нақты салмағы;

$$5) \text{ Есептелген нақты салмағы} = \Pi - Y$$

Формула бойынша нақты шегерімдер 0,01% дейін дәл анықталады.

14. Кептіруге тартылмаған астықтың есептелген нақты салмағы мына формула бойынша анықталады:

$$\text{Есептелген нақты салмағы} = \Pi - \Pi \times \left( \frac{(B - G)}{100 - G} + \frac{(D - E)}{100 - E} \right)$$

15. Егер келіп түскен астықтың арамшөпті және дәнді қоспасы, ылғалдылығы бойынша сапа көрсеткіштері нормаға сәйкес немесе одан да тәуір болған жағдайда, сақтау шартында және астық қолхатында нақты көрсеткіштері қойылады, ал есептелген нақты салмағы нақты салмаққа тең болады.

16. Жүгерінің және мақта тұқымының есептелген нақты салмағын анықтаған кезде, тек ылғалдылық пен арамшөпті қоспасы көрсеткіштері есептелінеді.

#### 4. Астықты тазартуды, кептіруді ресімдеу

17. Астықты тазартуды, кептіруді ресімдеу сақтау орындары (астық иелеріне бөлмей) бойынша жүзеге асырылады. Астықты тазарту, кептіру астық қабылдау кәсіпорны басшысының және ӨТЗ меңгерушісінің қолдары қойылған осы Ережеге 8-қосымшаға сәйкес астықты тазарту, кептіру өкімі негізінде жүргізіледі.

Астықты тазарту мен кептіруге дейін және оларды жүргізгеннен кейін астықтың (астық қалдықтарының) сапасы анықталып астық талдау карточкалары ресімделеді.

Астық кептіргіштердің жұмысын оперативтік бақылау үшін астық кептіргіш жұмыстарының есеп журналы, ал таразымен жабдықталған астық кептіргіштерде, сонымен бірге астықты дымқыл және кептірілген күйінде өлшеудің таразы журналдары жүргізіледі.

18. Тазарту, кептіру жүргізілгеннен кейін келесі күннен кешіктірілмей осы Ережеге 8-қосымшаға сәйкес тазарту және кептіру актісі жасалады. Астықтың үлкен партияларын тазартқан, кептірген жағдайда, актілер айына кемінде екі рет жасалынады. Актіге материалды жауапты тұлға, ӨТЗ меңгерушісі қол қояды, бухгалтер тексереді және астық қабылдау кәсіпорнының басшысы бекітеді.

Актіге астық талдау карточкалары және жанама өнімдер мен қалдықтардың өлшеңім тізімдемесі қоса тіркелуі тиіс.

19. Астықты тазарту кезінде алынатын жанама өнімдер мен қалдықтар мынадай жолмен жіктеледі:

жанама өнімдерге мыналар жатады:  
құрамында 70%-дан 85% дейін астық бар астық қоспасы;  
құрамында 50%-дан 70% дейін астық бар астық қоспасы;  
астық қалдықтарына мыналар жатады:  
құрамында 30%-дан 50% дейін астық бар бірінші санатты қалдықтар;  
құрамында 10%-дан 30% дейін астық бар бірінші санатты қалдықтар;  
құрамында 2%-дан 10% дейін астық бар екінші санатты қалдықтар;  
жарамсыз қалдықтарға мыналар жатады:  
құрамында 2% дейін астық бар үшінші санатты қалдықтар.

20. Жанама өнімдер мен қалдықтарда 10% артық бидай немесе қара бидай дәндері немесе осы дақылдардың стандарттары бойынша негізгі астыққа жататын басқа дақылдардың дәндері 20% артық болған жағдайда, көрсетілген жанама өнімдер мен қалдықтардан негізгі астықты бөліп алу мақсатында қосымша тазалауға жатады.

21. Астықты тазарту кезінде алынған жанама өнімдер мен қалдықтар масса бойынша қалдықтар цехына (қоймаға) жіберіледі.

I және II санатты жанама өнімдер мен астық қалдықтары астық иесіне қайтарылады не астық иесіне оның құнын өтеу арқылы сатуға жіберіледі. Астық иесіне жанама өнімдер мен қалдықтарды тиіп жөнелту астықты тазарту мен кептіру жүргізілгеннен кейін және астықты тазарту, кептіру актілері ресімделгеннен кейін жүзеге асырылады.

Астық иесіне беруге жататын қалдықтардың көлемін анықтау үшін, жүкқұжаттар тізілімі бойынша алдын-ала есептеп шығарылған қалдықтар қалдықтарды тазарту кезінде алынған нақты сапасын есептей отырып қайта есептелінеді.

22. Пайдалануға жарамсыз қалдықтар астық қабылдау кәсіпорнының аумағынан шығарып тасталуы және осы Ережеге 9-қосымшаға сәйкес жарамсыз қалдықтарды жою актісін жасау арқылы жойылуы тиіс. Актіге көрсетілген жарамсыз қалдықтар көлемі тауар-көлік жүкқұжаттары қосымшасымен бірге өлшеңім тізімдемесімен бекітілуі тиіс.

## **5. Собықтағы жүгеріні саралауды және бастыруды ресімдеу**

23. Собықтағы жүгеріні саралау, бастыру астық қабылдау кәсіпорнының басшысы және ӨТЗ меңгерушісі қол қойған осы Ережеге 10 , 11 - қосымшаларына сәйкес өкім бойынша жүргізіледі.

24. Собықты жүгеріні саралау кезінде алынған қалдықтар (аурулармен зақымдалған собықтар, өзектер, гүл шоқтары, қабықтар және басқалары), собықтың өзінен-өзі тазалану нәтижесінде алынған дәндер алынған қоспалардың салмағын өлшеу жолымен орнатылған және ӨТЗ-мен анықталған оның ылғалдылығы және арамшөпті қоспасы көрсетілетін осы Ережеге 10-қосымшаға сәйкес саралау актісімен ресімделеді. Актіге астық талдау карточкасы тіркеледі. Акт астық қабылдау кәсіпорнының басшысымен бекітіледі.

25. Саралау актісіне сәйкес собықты жүгері бет есебінен нақты салмақ шығарылады, ал дәндегі жүгері бет есебіне таза дән (бөтен қоспасыз) салмағы кірістіріледі.

26. Собықтағы жүгеріні бастыру осы Ережеге 11-қосымшаға сәйкес собықтағы жүгеріні бастыру актісімен ресімделеді. Акт әрбір бөлек есептелінетін собықты жүгері партияларын бастыруға жасалады.

Жүгеріні бастырудан алынған астық, жанама өнімдер және I, II санатты қалдықтар (өзектен бөлек) қоймаға сақталу үшін жіберіледі және материалды жауапты тұлғамен міндетті түрде өлшеніп және ӨТЗ-мен сапасы анықталып қ а б ы л д а н а д ы .

Жүгеріні бастырудан алынған өзектің салмағы таразыларда өлшеу жолымен анықталады. Өзекте өзек салмағының 1,2% астам бастырылмаған дән болған жағдайда, ол қайта бастырылуға жатады.

27. Бастырылуға берілген собықты жүгерінің саны, бастырылудан алынған жүгері дәнінің, жанама өнімдердің, қалдықтардың және өзектердің салмақтарының сомасы ретінде анықталады. Бастырылған собықты жүгерінің сапасы (орташа өлшенген ылғалдылық және собықтардан дәндердің шығымдылығы), сондай-ақ қатар бастырудан алынған дәннің, жанама өнімдердің , қалдықтар мен өзектің сапасы және өзекте бастырылмаған дәннің болуы ӨТЗ-мен анықталынады. Актіге астық талдау карточкасы мен өлшенімдер тіркеледі.

28. Егер де собықты жүгеріні бастыру кезінде дәнді, қалдықтарды және өзектерді өлшеу үшін таразыны орнату мүмкін болмаған жағдайда, олардың салмағы сату кезіндегі құжат бойынша анықталады.

## **6. Астықты тиеп жөнелтуді ресімдеу**

29. Астықты тиеп жөнелту, астық қабылдау кәсіпорнының басшысымен, бухгалтермен және ӨТЗ меңгерушісімен қол қойылған осы Ережеге 12-



қосымшаға сәйкес бұйрық негізінде материалды жауапты тұлғамен іске асырылады.

Тиеп жөнелтуге арналған бұйрықтар астық қабылдау кәсіпорнының астықты тиеп жөнелтуге алынған бұйрықтарын есептеудің журналын жүргізетін есепші жұмыскерге беріледі.

30. Астықты тиеп жөнелту алдында астық қабылдау кәсіпорнының мамандарымен көлік құралдарының астықты тасымалдауға жарамдылығын анықтау мақсатында, оларға техникалық тексеріс жүргізіледі.

31. Астықты темір жол көліктеріне тиеп жөнелту кезінде темір жол жүкқұжаттары мен сапа туралы құжаттар (астық сапасының паспорты немесе астық талдау карточкасы) негізінде осы Ережеге 13-қосымшаға сәйкес темір жол көліктеріне тиеп жөнелтудің тізілімі жасалады. Тиеп жөнелтілетін астыққа темір жол жүкқұжаты және сапа туралы құжат (астық сапасының паспорты немесе астық талдау карточкасы) қоса беріледі.

Астық сапасының паспорты астықты экспортқа тиеп жөнелту кезінде және астық иесінің қалауы бойынша республика ішінде тасымалдау кезінде ресімделеді.

32. Материалды жауапты тұлға темір жол жүкқұжаттары мен темір жол көліктерімен астықты тиеп жөнелтуге арналған тізілімді толтырудың дұрыстығын тексереді.

33. Астықты автокөлікпен тиеп жөнелту кезінде астықты тиеп жөнелтудің кім арқылы жүзеге асырылғаны және сенімхат нөмірі бұйрықта көрсетіледі. Автокөлікпен тиеп жөнелтілген астық тауар-көлік жүкқұжаттарымен және сапа туралы құжаттармен (астық сапасының паспорттарымен немесе астық талдау карточкаларымен) ресімделеді және осы Ережеге 14-қосымшаға сәйкес осылардың негізінде автокөлікпен тиеп жөнелтілген астыққа жүкқұжаттар тізілімі жасалады.

34. Тиеп жөнелтуге арналған бұйрық, тауар-көлік жүкқұжаттары, тиеп жөнелтілген астыққа арналған құжаттар, астық талдау карточкалары, астық сапасы паспорттарының көшірмелері бухгалтерияға тапсырылады. Осы құжаттар бойынша астық шығысқа шығарылады.

35. Әрбір астық иесіне жіберуге жататын астық көлемі астық қолхаттарына сәйкес анықталады.

Астық, оның ылғалдылығы, дәнді және арамшөпті қоспалары бойынша сақтау шартында көрсетілгеннен басқа сапа көрсеткіштерімен тиеп жөнелтілген жағдайда, екі жақтың келісімі бойынша нақты сапасын есептей отырып есептелген нақты салмағына нақты шегерім немесе үстеме жүргізілуі мүмкін.

Егер екі жақ келісімге келе алмаса, онда жағдай сот тәртібімен шешілуге жатады.

36. Ылғалдылық, арамшөпті және дәнді қоспалар бойынша келісілген шарттағы нормалардан нақты салмақтың ауытқуы кезінде тиеп жөнелтілетін астық көлемін есептеу мынадай тәртіппен анықталады:

1) ылғалдылық бойынша нақты шегерім немесе үстеме пайызы мына формула бойынша есептелінеді:

$$U_{в} = \frac{100 \times (a - б)}{100 - б},$$

мұндағы  $U_{в}$  - ылғалдылық бойынша нақты шегерім немесе үстеме пайызы;

$a$  - сақтау шарты бойынша астық ылғалдылығы, %;

$в$  - тиеп жөнелту кезіндегі астықтың нақты ылғалдылығы, %;

2) арамшөпті қоспалары бойынша нақты шегерім немесе үстеме пайызы мына формула бойынша анықталады:

$$U_{с} = \frac{(в - г) \times (100 - U_{в})}{100 - г},$$

мұндағы  $U_{с}$  - арамшөпті қоспасы бойынша нақты шегерім немесе үстеме пайызы;

$в$  - сақтау шарты бойынша арамшөпті қоспасының болуы, %;

$г$  - тиеп жөнелту кезіндегі нақты арамшөпті қоспасының болуы, %;

$U_{в}$  - ылғалдылық бойынша нақты шегерім немесе үстеме пайызы;

3) дәнді қоспалар бойынша нақты шегерім немесе үстеме пайызы мына формула бойынша анықталады:

$$U_{з} = \frac{(д - е) \times (100 - U_{в})}{100 - е},$$

мұндағы  $U_{з}$  - дәнді қоспа бойынша нақты шегерім пайызы;

$в$  - кіріс бойынша дәнді қоспаның болуы, %;

$г$  - сақтау шарты бойынша дәнді қоспаның болуы, %;

$U_{в}$  - ылғалдылық бойынша нақты шегерім пайызы;

4) ылғалдылық бойынша, арамшөпті және дәнді қоспа бойынша нақты шегерімнің немесе үстеменің жалпы салмағы мына формула бойынша есептелінеді:

$$У = \frac{Пз \times (Ув + Ус + Уз)}{100},$$

мұндағы Пз - есептелген нақты салмағы;

5) Тиеп жөнелтілетін астық көлемі = Пз +(-)У.

Формулалар бойынша нақты шегерімдер мен үстемелер 0,01% дейін дәл анықталады.

37. Ылғалдылық, арамшөпті және дәнді қоспалар бойынша кемудің есебін жүйелеу әр астық иесіне осы Ережеге 15-қосымшаға сәйкес есеп-актісімен ресімделеді. Есеп-актісі кіріс бойынша (қабылдау кезіндегі) және тиеп жөнелту кезіндегі нақты сапасын есептеумен шығыс бойынша астық сапаларын көрсетумен жұмсалған астық партиясына жасалады. Есеп-актісі астық қабылдау кәсіпорнының жауапты жұмыскерімен есептелінеді және ресімделеді, бас бухгалтермен, ӨТЗ меңгерушісімен, материалды жауапты тұлға қол қояды және астық қабылдау кәсіпорнының басшысы бекіткеннен кейін астық иесіне беріледі.

38. Астықты астық сақтау қоймасы аумағының ішінде ауыстыру бұйрық негізінде жүзеге асырылады және осы Ережеге 16-қосымшаға сәйкес астық сақтау қоймасы аумағының ішінде астықтың орнын ауыстыру жүкқұжатымен ресімделеді. Астықтың қоймадан қоймаға ауысуы кезінде астық партиясының салмағы және астық сапасы осы қойманың жауапты тұлғаларының қатысуымен бір рет анықталады.

39. Тиеп жөнелтілетін тұқымның әрбір партиясына мынадай құжаттар қоса берілуі тиіс:

1) барлық дақылдардың элита және суперэлита тұқымдары, сондай-ақ өздігінен тозаңданған топ және будан жүгерілерінің тұқымдарына - тұқым шаруашылығы саласындағы уәкілетті орган бекіткен нысанға сәйкес ауыл шаруашылығы өсімдіктерінің тұқым аттестаты;

2) барлық басқа репродукциялар тұқымдарына - тұқым шаруашылығы саласындағы уәкілетті орган бекіткен нысанға сәйкес ауыл шаруашылығы өсімдіктерінің тұқым куәлігі.

## 7. Сандық-сапалық есеп кітабын жүргізу

40. Астық қабылдау кәсіпорнының бухгалтериясы осы Ережеге 17, 18 - қосымшаларына сәйкес сандық-сапалық есеп кітабын жүргізеді.

Астық, жанама өнімдер, I-ші, II-ші және III-ші санаттағы қалдықтар сандық-сапалық есеп кітабында олардың салмағын, ылғалдылығын, арамшөпті және дәнді қоспаларын көрсетумен, собықты жүгері бойынша - собықтардың орташа өлшенген ылғалдылығын және салмағын көрсетуімен есепке алынады.

41. Сандық-сапалық есеп кітабында әр астық иесіне, астық иесі бойынша - әр дақылға, астық сыныбына және егін жылына, тұқымға - дақылы, сорты, репродукциясы, санаты және сыныбы бойынша дербес шоты жүргізіледі.

Жаңа егін астығы мен өткен жылдардағы егін астығының дербес шоттарын біріктіруге жол берілмейді.

Қабылданған әр түрлі дәрежедегі дертті астық дұрыс қалыпты жағдайдағы астықтардан бөлек есептелінеді.

42. Сандық-сапалық есеп кітабын астық қабылдау кәсіпорнының басшысы тағайындайтын лауазымды тұлға жүргізеді және оған мыналар жүктеледі:

1) сандық-сапалық есеп кітабы бойынша мәліметтерді материалды жауапты тұлғаның қоймалық есеп мәліметтерімен және жүктерді таразыда өлшеуді тіркеу журналдары мәліметтерімен күнделікті салыстырып тексеру;

2) мәліметтерді уақтылы және дұрыс түрінде беру;

3) қосымша берілген алғашқы құжаттар мен есептердің сақталуына жауапкершілік.

43. Дербес шоттағы барлық жазулар кіріс және шығыс операцияларын көрсететін дұрыс құрастырылған және қол қойылған құжаттар, сондай-ақ сапа туралы құжаттар негізінде жүзеге асырылады.

Сандық-сапалық есеп кітабындағы кіріс және шығыс жөніндегі жазулар мынадай құжаттардың негізінде бір күнгі жиынтық бойынша жүзеге асырылуы мүмкін:

орташа тәуліктік сынамасы бойынша сапасы анықталып автокөлікпен қабылданған астықтың жүкқұжаттар тізілімдері және автокөлікпен тиеп жөнелтілген астықтың жүкқұжаттар тізілімі;

темір жол көлігімен қабылданған астықтың жүкқұжаттар тізілімдері және темір жол көлігімен астықты тиеп жөнелтуге арналған тізілімдері.

Жүк алушылардың наразылықтары бойынша артық немесе кем тиелген астық туралы жазулар сандық-сапалық есеп кітабының шығыс бөлігіне жазылады. Артық тиеу кезіндегі шығыстардың көбеюі туралы жазулар қара (көк) түспен, кем тиеу кезіндегі шығыстардың азаюы туралы жазулар қызыл түспен жазылады.

Сандық-сапалық есеп кітабындағы жазулар күн сайын операция күнінен кейінгі күннен кешіктірмей жазылады.

Сандық-сапалық есеп кітабында ылғалдылық, арамшөпті және дәнді қоспалар көрсеткіштері 0,1% дейін дәлдікпен жазылады.

44. Центнер-пайыздар астық партиясының салмағын оның ылғалдылығына, арамшөпті және дәнді қоспаларына көбейту арқылы есептелінеді және бүтін бірліктерде қойылады. 0,5 кіші үлестер алынып тасталынады, ал 0,5 және одан жоғары үлестер бірлік ретінде қабылданады.

Центнер-пайыздар белгілі уақыт кезеңіне ылғалдылық, арамшөпті және дәнді қоспалар бойынша астықтың орташа өлшенген сапасын анықтау мақсатында центнер-пайыздар сомасын астық салмағына бөлу жолымен есептеп шығарылады және 0,01% дейін дәл көрсетіледі.

45. Центнер-пайыздың кіріс және шығыс бойынша қорытындылары әр күні және бір ай бұрын жасалынады. Қалдық алдыңғы кіріс бойынша қалдықты сомалау және одан шығыстарды алып тастау жолымен есептелінеді. Егер күн ішінде кіріс немесе шығыс операциялары жүргізілген жағдайда әр күні қалдықтар есептелініп отырылады.

Материалды жауапты тұлға күн сайын есептелінген қалдықтардың дұрыстығына өз қолын қойып куәландырып отырады. Бас бухгалтер, ӨТЗ меңгерушісі ай сайын сандық-сапалық есеп кітабындағы жазулардың дұрыстығына тексеру жүргізеді: біріншісі - центнер-пайыздар бөлігінде, екіншісі - сапа көрсеткіштері бөлігінде. Дербес шоттарда жүргізілген тексерулер туралы белгі қойылады.

46. Қабылданған астық жүкқұжаттар тізілімдеріне сәйкес жанама өнімдер мен қалдықтар сандық-сапалық есеп кітабындағы астық есебінен алдын-ала шығарылып тасталынады және ол сақтау орны бойынша кірістеледі. Ылғалдылық, арамшөпті және дәнді қоспалар бойынша кемуді ақырғы есептен шығару астықты тиіп жөнелту кезінде жасалатын астықтың нақты сапасы бойынша есеп-акті жасау кезінде жүргізіледі.

47. Собықты жүгеріні сандық-сапалық есеп әрбір материалды жауапты тұлға бойынша жүргізуге рұқсат етіледі: тауарлы жүгері бойынша - сақтау орны бойынша бөлімшесіз, сортты және буданды жүгері бойынша - сорттар мен будандар бөлек қалыптастыратын партиялар бойынша.

48. Сандық-сапалық есеп кітабында басқа астық қабылдау кәсіпорнынан келіп түскен астықтың сапасы мынадай деректемелер бойынша жазылады:

1) егер талдау кезінде сапа айырмашылығы ауытқу нормасынан артық болмаса, жөнелтушінің астық сапасы паспорты немесе астық талдау карточкасы;

2) сапа айырмашылығы рұқсат берілген ауытқу нормасынан артық болса және жөнелтушіге сапа айырмашылығы бойынша наразылық шағымталап актісі жолданғанда астық сапасының жаңадан берілген паспорты;

3) сапа айырмашылығы рұқсат берілген ауытқу нормасынан артық болғаны наразылық шағымталап актісі ресімделмегенде жөнелтушіге берілген астық сапасының паспорты немесе астық талдау карточкасы;

4) ауыл шаруашылығы өсімдіктерінің тұқым аттестаты немесе куәлігі.

49. Сандық-сапалық есеп кітабындағы астық иелерінің дербес шоты астық қабылдау кәсіпорнының лауазымды тұлғасымен есеп-акт бойынша жабылады.

50. Сандық-сапалық есеп кітабы компьютерде электронды түрде жүргізілуі  
м ү м к і н .

Дербес шот бойынша астықтың қозғалысы жағдайында тәуліктің соңында, астық сақтау қоймасындағы астықтың ыдыстардың қозғалысы туралы есеп деректері бар қорытынды тексеріледі. Бір күн ішіндегі астық қозғалысын көрсететін парақтар басып шығарылады, есеп қызметкері мен материалды жауапты тұлға оларға қол қояды және оларды нөмірлейді. Астықтың әрбір партиясы бойынша операциялар аяқталып есеп-акт жасалғаннан кейін, дербес шоттар түптеледі және жалпы негізде сақталады.

51. Кітаптың сыртында мыналар көрсетілуі тиіс: астық қабылдау кәсіпорнының атауы, кітаптың түгендеу нөмірі, сақтау орнының түрі және нөмірі, осы кітап арналған астық иесінің атауы (тегі, аты, әкесінің аты), материалды жауапты тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты.

## 8. Қойманы тазарту

52. Астық қабылдау кәсіпорны кәсіпорын басшысының шешімі бойынша қоймасында тазарту жүргізеді.

53. Тазарту астық қабылдау кәсіпорнының басшысы тағайындаған мына құрамдағы комиссия мүшелерімен жүзеге асырылады: астық қабылдау кәсіпорнының басшысы, ӨТЗ меңгерушісі, бас бухгалтер және материалды жауапты тұлға. Астық қоймасын тазарту кезінде осы Ережеге 19-қосымшаға сәйкес тазарту актісі жасалады. Тазарту актісін алғаннан кейін бес күн мерзімде комиссия мынадай құжаттар негізінде операция нәтижелерін белгілейді:

1) алғашқы құжаттар бойынша сан мен сапаға, сондай-ақ ылғалдылық, арамшөпті және дәнді қоспалар бойынша салмағының және орташа өлшенген көрсеткіштерінің дұрыстығына қатысты тексерілген астықты сандық-сапалық е с е п к і т а п т а р ы ;

2) қойма есептері және алғашқы кіріс-шығыс құжаттары: тауар-көлік жүкқұжаттары, темір жол жүкқұжаттары, орнын ауыстыру жөнелтпе құжаттары, астықты тазарту, кептіру актілері, тиеп жөнелтуге арналған бұйрықтары, есеп-актілері, жарамсыз қалдықтарды жою актілері және басқалары;

3) коммерциялық актілер және астықтың саны мен сапасындағы айырмашылық бойынша наразылық шағымталап актілері;

4) астық сапасының паспорттары, астық талдау карточкалары және зертхана талдаулары нәтижелерін тіркеу журналдары;

5) ауыл шаруашылық өсімдіктерінің тұқым аттестаттары немесе куәліктері.

54. Астық жетіспеушілігінің көлемі сандық-сапалық есеп бойынша астықтың кірісі мен шығысы арасындағы айырмашылық ретінде анықталады. Сақтау

процесі кезінде астық сапасының өзгеруін талдау негізінде жетіспеушілік негізделген және негізделмеген жетіспеушіліктерге бөлінеді.

Кемудің негізділігі астықты сақтау кезіндегі сапаның жақсартуына, яғни ылғалдылықтың, арамшөпті және дәнді қоспалардың төмендеуіне қол жеткізілгеніне қатаң түрде сәйкес кемуімен белгіленеді. Астықты тазарту, кептіру бойынша жүргізілген операциялар астықты тазарту, кептіру өкім-актісімен расталуы тиіс.

55. Астықтың негізделген кемуі мына формулаларға сәйкес жүргізілген есептеулермен расталынады:

ылғалдылықтың төмендеуі (кебуі) есебінен кему,  $U_B$ , %:

$$U_B = \frac{100 \times (a - b)}{100 - b},$$

мұндағы  $a$  - кіріс бойынша астық ылғалдылығы, %;

$b$  - шығыс бойынша астық ылғалдылығы, %;

арамшөпті қоспалары төмендеуі есебінен кему,  $U_C$ , %:

$$U_C = \frac{(v - g) \times (100 - U_B)}{100 - g},$$

мұндағы  $v$  - кіріс бойынша арамшөпті қоспасының болуы, %;

$g$  - шығыс бойынша арамшөпті қоспасының болуы, %;

$U_B$  - ылғалдылық бойынша кему пайызы, %;

дәнді қоспалар азаюы есебінен кему,  $U_3$ , %:

$$U_3 = \frac{(d - e) \times (100 - U_B)}{100 - e},$$

мұндағы  $v$  - кіріс бойынша дәнді қоспаның болуы, %;

$g$  - сақтау шарты бойынша дәнді қоспаның болуы, %;

$U_B$  - ылғалдылық бойынша кему пайызы, %.

56. Арамшөпті және дәнді қоспалардың төмендеуі есебінен болған кемуді есептен шығару 0,2% аспайтын мөлшерде жүргізілуі мүмкін. Тазартуға немесе механизмдермен орнын ауыстыруға ұшырамаған астық партиялары бойынша сақтау процесі кезінде арамшөпті және дәнді қоспаларының төмендеуінен болған кемуді есептен шығаруға жол берілмейді.

57. Жүгері өңдеу зауыттарында әрбір жеке ескерілетін жүгері партияларын өңдеуден кейін осы жүгері партиясының сақталу орнына және зауыттың өндірістік корпусында толық тазарту жүргізіледі.

Жүгеріні өңдеу зауыттарында өңдеуге жіберілген собықты жүгерінің салмағы камераға тиелген жүгеріні өлшеу бойынша есептелінеді, сақтау орнын тазарту

және нәтижелерін анықтау собықтағы және дәндегі жүгері көлемін және олардың кіріс бойынша - орташа өлшенген ылғалдылығын өңдеуден кейін алынған дәндегі жүгері (ұсақ дәнділерді қоса) мен қалдықтар және өзектер көлемімен және олардың шығыс бойынша - орташа өлшенген ылғалдылығымен салыстыру арқылы жүргізіледі.

Мұндай жағдайда осы Ережеге 20-қосымшаға сәйкес тазарту актілері әрбір ескерілетін жүгері партияларына жасалынады. Жүгері өңдеу зауыттарында және цехтарында жүгеріні өңдеу кезінде алынған әрбір сорт пен будан қалдықтарын технологиялық схема бойынша бөлу мүмкін болмаған жағдайда, оларды сорттар және будандар бойынша бөлу осы немесе басқа сорттағы және будандағы собықты жүгерінің бастыруға жіберілген салмағына пропорционалды түрде жүргізіледі.

Тазарту актісін жасау кезінде:

1) кіріс бойынша - собықты жүгеріні сандық-сапалық есеп кітабының деректері;

2) шығыс бойынша - жүгерінің тұқымдары мен өндірістен алынған жарамсыз жүгері, ұсақ дәнді жүгері, өзектер мен қалдықтарды сандық-сапалық есеп кітабының деректері пайдаланылады. Сонымен қатар кәсіпорынға қайтарылған жарамсыз жүгері көлемі тазарту актісінің 5а жолы бойынша көрсетілетінін ескеру қажет.

Өңдеу процесінде жүгерінің механикалық шығындары өңдеуге берілген жүгері салмағының 0,2% шегінде тазарту актісі бойынша есептен шығарылуға қабылдануы мүмкін.

58. Тазарту актісінде астық көлемі килограммда, ылғалдылықтың, арамшөпті және дәнді қоспалардың орташа өлшенген көрсеткіштері 0,01% дейін дәл көрсетіледі. Бөлшек үлесі 0,004% дейін алынып тасталынады, ал 0,005% және одан жоғары үлестер 0,01% қабылданады.

59. I, II және III санаттағы астық қалдықтарын сақтау нәтижелері түгендеу актілерімен ресімделеді, материалдық құндылықтар үшін белгіленген тәртіппен қаралады және бекітіледі.

60. Егер тазарту кезінде астықтың артық көлемі анықталған жағдайда, бұл артық көлем астық қабылдау кәсіпорнының бухгалтериясымен тазарту актісінде көрсетілген кезеңде сақталған және сақтауда тұрған астық көлемдеріне пропорционалды түрде астық иелерінің дербес шоттарына кірістелуі қажет.

61. Егер тазарту кезінде негізделмеген астық жетіспеушілігі анықталса, онда астық қабылдау кәсіпорны бұл астық жетіспеушілігін тазарту актісінде көрсетілген кезеңде сақталған және сақтауда тұрған астық көлемдеріне пропорционалды түрде астық иелерінің дербес шоттарына орнын толтырады.



62. Астық қабылдау кәсіпорнының басшысының шешімі бойынша барлық қолда бар астық көлемін жаппай, қайта өлшеуге және қайта есептеуге және астық қабылдау кәсіпорнында сақтауда тұрған барлық қолда бар нақты астық көлемін бухгалтерлік есеп деректерімен салыстыру жолымен түгендеу жүргізіледі.

## 9. Келіспеушіліктерді шешу тәртібі

63. ӨТЗ жүргізген талдау деректерімен астық иесі немесе материалды жауапты тұлға келіспеген жағдайда, олардың қатысуымен қайта талдау жүргізіледі.

Қайта талдау нәтижелерімен келіспеген жағдайда, белгіленген тәртіппен мемлекеттік астық инспекторының қатысуымен сынама мөрленіп бекітіледі және ӨТЗ-ның астық талдау карточкасымен және өтініммен бірге үш тәулік ішінде белгіленген тәртіппен астық сапасының сараптамасы бойынша тіркелген зертханаға жіберіледі.

64. Егер қабылдаушы-астық қабылдау кәсіпорынның ӨТЗ-сы астық сапасын талдау кезінде астықты тиеп жіберу орны бойынша берілген сапасы туралы құжаттың (астық сапасының паспорты немесе астық талдау карточкасы) деректерімен ауытқушылыққа мүмкін нормадан тыс арасындағы айырмашылықты тапқан жағдайда, наразылық шағымталапты ұсынудың мынадай тәртібі белгіленеді:

- 1) жіберушінің өкілі 24 сағат ішінде жеделхатпен шақырылады;
- 2) жіберушінің, алушының өкілдерінің және мемлекеттік астық инспекторының қатысуымен сынама іріктеп алу (4 килограмнан кем емес) іріктеу актісі ресімдей отырып жүргізіледі;

- 3) келісілмей отырған астық партиясы бос қоймаға түсіріледі және басқа астық партияларымен араластырылмайды. Алушының өкілдері мен мемлекеттік астық инспекторының қолдары қойылған астықты түсіру актісі мен қойманы тексеру актісі жасалады. Қойма мемлекеттік астық инспекторымен мөрленіп бекітіледі.

Егер де келісілмей отырған астық партиясынан сынама алу мүмкін болмаған жағдайда, сондай-ақ жоғарыда көрсетілген тармақшалардағы талаптардың кем дегенде біреуі орындалмаған жағдайда, алушының сапасы туралы құжатына (астық сапасының паспортына немесе астық талдау карточкасына) наразылығы қабылданбайды.

Алынған сынамадан әрқайсысы кем дегенде 2 килограмм болатын екі сынама бөлініп алынады. Бірінші сынама іріктеу актісімен, қабылдаушы-кәсіпорынның ӨТЗ астық талдау карточкасымен және тиеп жіберу орны бойынша берілген сапасы туралы құжатпен (астық сапасының паспортымен немесе астық талдау

